

## "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 583 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 29 желтоқсанда № 10034 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 339 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 02.07.2025 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

65-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоспарлы тағайындаулар мен бұрын жүргізілген кассалық шығыстарды көшіруді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның хатының негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшелері мынадай жағдайларда:

1) құрылған, таратылған, қайта үйымдастырылған, орталық мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олардың оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санының функциялары мен лимиттері өзгерген;

2) республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерді нақтылау;

3) Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер енгізген;

4) аумақтық қазынашылық бөлімшеде мемлекеттік мекеменің қызмет көрсетілу орны өзгерген;

5) шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымына шығыстардың түрлерін өзгерту бөлігінде өзгерістер енген;

6) ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті орталықтандыру/орталықсыздандыру туралы шешім қабылдағанда;

7) секвестрде жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 183-1-тармақпен толықтырылсын:

"183-1. Секвестр салдарынан және/немесе тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде туындаған есепті жылдың азаматтық-құқықтық мәмілелері бойынша мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалары бойынша кредиторлық берешекті өтеу келесі қаржы жылында бөлінген қаражат есебінен жүргізіледі.";

303-тармақта:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті нақтылау (тұзету) немесе секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансфертер сомасын қайтару үшін төмен тұрған бюджеттер белгіленген тәртіппен тиісті бюджетті нақтылауды (тұзетуді) жүзеге асырады. Төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының тиісті кодынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы занды іске асыру туралы қаулысына немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулылары қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке азайтуға немесе алып таставуға жататын нысаналы трансфертер сомасын қайтаруды қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансфертер сомасын қайтару төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік ресімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова):

1) осы бүйректы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйректы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құшіне енеді.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2014 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық банкінің төрағасы

К. Келімбетов

2014 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК